

БӨЛІМ: ҰСТАЗ ОЙЫ

Алғыс сізге - Алғашқы Ұстаз!

ЖАРИЯЛАНДЫ
03.03.2023СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/133401/

Алғашқы ұстаз — мектеп табалдырығын атағаннан бастап, сені өмірге тәрбиелейтін ұлы тұлға. Тіпті ұлағатты ой иелері мен данышпандардың білімі ұстаздан бастау алмақ. Нағыз ұстаз балаға білім нәрін бойына сіңіріп қана қоймай, жан дүниесін түсінетін, анасындай қамқор болатын жан.

Осыдан он жыл бұрын, мектеп табалдырығын аттаған сәтте күлімдеп тұрып қарсы алып, қолыма әліппені жаттатқызған алғашқы ұстазым - Кусниденова Кулян Утеповна. Тарыдай болып кірген күннен бастап, өзінің баласындай жылы шырай танытып, өмір әліппесін үйретуден жалықпаған ерекше жан.

Ғұмырының жарты бөлігін шәкірт тәрбиелеуге мақсат еткен білікті маман иесі. Ұзақ жылдар бойы оқушыларды білім нәрімен сусындатып келе жатқан ұстазымыз күні бүгінде Есбол ауылының Жамбыл атындағы орта мектебінде бастауыш мұғалімі болып, кезекті шәкірт тәрбиелеп отыр.

Бастауыш сынып оқыған сәттердегі ұстазымыздың әр жылулығы мен ақ жүрегі балалық шаққа оралудың бірден бір естелігі болып қалды. “Адамның адамшылығы — жақсы ұстаздан” деп ұлы Абай айтқандай әрбір оқытқан шәкірті түзу жолмен аяқ басып, өмір майданында дұрыс бағыттан таймай келеді. Бізді өмір жолына жетелегеніңіз үшін, сол жолдағы ересен еңбегіңіз үшін алғысымыз шексіз. Мың алғыс сізге ардақты ұстаз!

ҚМ АА Куәлік нөмірі: KZ45VPY00102718 — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.